

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ЕНГІЗУ

А.М. Алиева, Г.О. Сейдалиева*

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан
email*: mahsutovnaa@mail.ru, guldanaseida@mail.ru

Аңдатпа

Қазіргі заманғы жаңартылған білім беру жүйесі жаңалықтарды талап етуде, осы құбылысқа сәйкес алдын-ала анықталған стандарттарға (критерийлерге) негізделген объективті, әділ бағалау қарқын алып жатыр. Осы перспективада критерийлерге негізделген бағалау керемет шешім болып табылады, өйткені критерийлерге негізделген бағалау білім алушылардың жұмысында не бағаланатынын, сонымен қатар, оның қалай бағаланатынын түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, критерийлерге негізделген бағалау білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамытуға және білім алушыларды бір-бірімен салыстырмай, белгілі бір критерийлермен белгіленген бағалауға бағытталған, жаңартылған оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Алайда, әртүрлі даму бағыттары бойынша білім алушылардың жетістіктерін көрсете алатын әдістер мен құралдардың алуан түрлілігіне қарамастан, жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалаудың нақты және түсінікті критерийлері жоқ дәстүрлі бағалау әлі де ұмытылған жоқ және оны көптеген оқытушылар білім беру мекемелерінде белсенді қолдануда. Бұл мақалада критерийлерге негізделген бағалауда қолдануға болатын кейбір құралдар, олардың негізгі мақсаттары, сонымен қатар, олардың мазмұны қарастырылған. Бұл құралдар қазіргі әлемде қажетті сыни, шығармашылық, сондай-ақ білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Түйін сөздер: бағалау процесі, критериалды бағалау, критерий, ауызша презентация, тілдік портфолио, критерийлер негізіндегі тест, жобалау жұмысы

Кіріспе

Критериалды бағалау деп білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін, білім беру процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, нақты анықталған, ұжымдық әзірленген критерийлермен білім алушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген бағалау процесі түсініледі [1; 11]. Критериалдық білім беру стандарттарында тұжырымдалған күтілетін нәтижелерді бағалауға қойылатын талаптарға негізделеді [2; 124], содан кейін әр бағалау құралына белгілі бір критерийлер жиынтығы беріледі. Урмашевтің пікірінше, критериалды бағалау – бұл бағалаудың және өзіндік бағалаудың әртүрлі формалары және әдістері пайдаланылатын тәсіл [3;28]. Бағалау құралдары деп бақылау тапсырмалары, сондай-ақ білім алушылардың оқу материалын, оқу пәнін, кәсіптік модульді меңгеру сапасын айқындауға арналған, тұтас алғанда да, оның жекелеген компоненттерінің де құзыретінің қалыптасу дәрежесін өлшеуге бағытталған нысандар (критерийлер) мен рәсімдердің сипаттамасын атайды [4; 7].

Критериалды бағалауды қолданудың бір мысалы ретінде, Утрехт университеті бакалавр студенттері дипломдық жұмысын бағалауды атап өтуге болады. Бұл зерттеу рубрикалар бойынша бағалаулардың үлкен жиынтығына және дипломдық жұмыстарға сәйкес бағалауларға негізделген сандық талдау болып табылады. Рубрика әдебиеттерден алынған мысалдар негізінде тәжірибелі сарапшылар тобы әзірледі, сонымен қатар рубрика емтихан алушылар үшін арнайы бағалау нұсқаулығы және студент үшін кері байланыс құралы болып табылады. Бұл рубрика ғылым саласындағы жұмыстарға тән 13 санатқа арналған критерийлерді және жазу процесін сипаттайды. Әр санат қосымша 1-6 ішкі критерийлерге бөлінеді. Сарапшылар студенттердің жұмысын жеткіліксіз, жеткілікті немесе жақсы деп бағалау үшін ішкі критерийлерді қолдана алады. Емтихан алушылар рубрика критерийлері негізінде бір жалпы баға береді. Нәтижесінде, сандық талдау бакалавриаттың дипломдық жұмысын рубрикалар арқылы бағалау туралы түсінік береді. Авторлар жұмысты жалпы бағалау үшін және жеткілікті, жақсы немесе өте жақсы деп танылған жұмыстарды бағалау үшін әр критерийдің

маңыздылығын бөлек көрсетеді [5; 1272-1274]. Келтірілген зертеуде, критериалды бағалау емтихан алушыларға және білім алушыларға баға қою процесін максималды тиімді және әділ ететіні сөзсіз.

Жалпы критерийлерге негізделген бағалау – білім алушыларға ұйымдастырушылық, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге, мәдениетаралық коммуникация, топтық өзара іс-қимыл саласындағы жетістіктерін көрсетуге және жетістіктерін объективті бағалауға мүмкіндік беретін технология. Критериалды бағалау технологиясы оқытушының білім алушылардың жетістіктерін талдауын, олар алған балдарды жинақтауын, сонымен қатар білім алушылардың өздерін бағалауға, бағалау мақсатында нәтижелерді талқылауын және қателерді түзетулерін және келешекте оны болдырмауды қамтиды. Сонымен бірге, бағалау критерийлері мен шкаласы бәріне белгілі және түсінікті, нәтижесінде оқытушыға да, білім алушыларға да, оқыту және бағалау процесі ашық және түсінікті болып келеді [6; 80].

Бүгінгі таңда көптеген оқытушылар білім алушылардың жетістіктерін бағалауға арналған әдістер мен құралдардың көптігіне қарамастан бағалаудың дәстүрлі әдістерін әлі қолдануда. Алайда құралдардың әртүрлілігі білім алушылардың қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере алады және нәтижесінде, сәтті үлгерім үшін оқу процесінде оңтайлы атмосфераны қамтамасыз ете алады.

Бағалаудың көптеген түрлерін қазіргі тілдік сыныптарда тиімді қолдануға болады. Олардың қатарына:

1. Өзін-өзі бағалау
2. Портфолионы бағалау
3. Тестер
4. Білім алушыларға бағытталған бағалау
5. Жобалар
6. Презентациялар кіреді [7; 54].

Осы құралдардың әрқайсысы білім алушылар деңгейін анықтау үшін стандарттары мен критерийлері белгіленген және толықтай критериалды бағалау моделіне негізделі алады және ағылшын тілі сабақтарында пайдалануда аса тиімді бола алады.

Презентация – критерийлерге негізделген бағалау құралы ретінде

Ауызша презентация – осындай құралдардың бірі болып табылады. Оксфорд онлайн сөздігіне сәйкес, презентация – бұл белгілі бір зат туралы ақпарат беретін сөйлеу, басқаша айтқанда, білім алушылардың ауызша ақпарат беруі [8].

Кингтің айтуынша, «ауызша презентация – бұл оқытушылар білім алушылардың ауызша сөйлеу қабілетін арттыру үшін кеңінен қолданылатын тиімді коммуникативті қызмет» [9]. Презентацияны бағалау құралы ретінде пайдалану білім алушыларға нақты ауызша продукциямен және нақты қарым-қатынаспен бетпе-бет келуге мүмкіндік береді, онда олар тілдік дағдыларды және күнделікті өмірде пайдалы дағдыларды мысалы, уақытты басқару, импровизация т.б. іс жүзінде қолдана алады.

Презентациялар белгілі құрылымда жасалынады. Ол келесідей:

1. Кіріспе / Мақсаты / Міндеттері;
2. Негізгі ойлар мен идеялар;
3. Нәтижелер / тақырыпқа байланысты мәселелер немесе басқалар;
4. Қорытынды.

Күтілетін нәтижелерге қол жеткізу және бағалаудың ашықтығы үшін білім алушыларға бағалау критерийлері ұсынылуы міндетті [7; 54]. Шортер университеті білім алушылардың презентацияларын бағалауда бірізділікті қамтамасыз етуге және презентация дағдыларын қарқынды дамытуға көмектесетін бағалау айдарларын (критерийлерін) жасады.

Төмендегі кестеде презентацияларды бағалаудың мүмкін критерийлері көрсетілген [10]:

1 - кесте. Презентацияларды бағалау критерийлері [10]

Ұйымдастырылуы (20%)	20, дәйекті, қысқа, жақсы ұйымдастырылған. Бөлімдер (слайдтар) арасындағы ауысулар тегіс және үйлестірілген.	15, жалпы айқын, қысқа, жақсы ұйымдастырылған. Презентацияның көп бөлігін бақылау оңай болды. Бөлімдер (слайдтар) арасындағы ауысулар жалпы үйлестірілген.	10, әрдайым анық немесе қысқа емес. Ұйым жеткілікті, бірақ әлсіз болды. Кейде оны бақылау қиын болды. Бөлімдер (слайдтар) арасындағы ауысулар әлсіз.	5, көбінесе түсініксіз және ұйымдастырылмаған, тым көп мағаннасыз сөйлеу. Презентацияның тыңдау қиын болды. Бөлімдер (слайдтар) арасындағы ауысулар тым қиын, түсініксіз.
Тақырыпты білу (20%)	20. Материалды жақсы меңгергенін көрсетті. Мазмұнын, қолданылуын және салдарын тамаша меңгергендігін көрсетті. Зерттеудің керемет тереңдігі байқалды.	15. Материал туралы жалпы түсінік көрсетті. Мазмұнды, қолдануды және оның салдарын жақсы меңгергендігін көрсетті. Зерттеудің жалпы тереңдігі байқалды.	10. Материал туралы біраз түсінік көрсетті. Мазмұнын, қолданылуын және салдарын барабар меңгергендігін көрсетті. Зерттеу өте терең емес.	5. материал туралы нашар түсінік көрсетті. Мазмұнын қолданылуы және салдары туралы үстірт өңдеуді көрсетті. Зерттеудің тереңдігі аз.
Шығармашылық (10%)	10. Өте креативті және ерекше. Шығармашылық дизайнды және материалдарды үйлесімді пайдалану. Жаңа үлестірме материалдар, көрнекі құралдар немесе әдістер қолдану	8, өзіндік ерекшелігі мен шығармашылығын көрсетті.	5. Шығармашылық аз көңіл бөлінген.	3. Шығармашылық жетіспеді. Өте қарапайым.
Көрнекі құралдар (15%)	15, Қарапайым, түсінікті, түсінуге, оқуға оңай. Мазмұнмен жақсы үйлеседі, жақсы жасалған өте тиімді қолданылады. Көрнекі құралдарды керемет қолданысын көрсетті.	11, әдетте түсінікті, түсінуге, оқуға оңай. Жалпы мазмұнмен жақсы үйлеседі, дизайны жақсы болды тұтастай алғанда тиімді қолданылған. Көрнекі құралдарды қалай қолдану керектігі туралы біраз түсінік көрсетті.	8, шамалы қолайлы, тым күрделі, оқу немесе түсіну қиын. Мазмұнмен барабар үйлестірілген. Тек жеткілікті түрде қолданылады. Көрнекі құралдарды қалай дайындау және пайдалану керектігін нашар түсінді.	4, сапасыз көрнекі құралдар (немесе олар жоқ), үйлесімсіз, техникалық дәл емес, нашар құрастырылған. Мазмұнмен нашар үйлестірілген. Пайдаланылысы нашар. Көрнекі құралдарды қалай тиімді дайындау немесе пайдалану керектігін меңгермеген.
Түйіндеме (15%)	15, Нақты, қысқаша, негізгі ойлардың асты сызылған, нақты ұсыныстар, сенімді тұжырымдар немесе әрекетке шақыру айқын байқалды.	11, маңызды сәттер көрсетілген, алайда ұсыныстары мен қорытындысы әлсіз немесе жоқ, әрекетке шақыру әлсіз байқалды.	8, маңызды сәттер анық емес, ескертулердің, ұсыныстардың болмауы, қорытынды әлсіз, іс-әрекетке шақыру әлсіз немесе оның болмауы.	4, түйіндеме, ұсыныстар, тұжырымдар, іс-әрекетке шақыру жоқ.
Презентация кезінде өзін ұстау (20%)	20, Өзін керемет ұстау. Өзіне сенімді, жазбаларды жақсы қолданды, көрермендердің назарын жақсы аударды, көз байланысын керемет	15, өзін жақсы ұстау. Өзіне сенімді, жазбаларды қолданды, қимылдары үйлесімді көрермендердің назарын және көз байланысын жақсы	10, өзін жалпы ұстау. Оқылған фрагменттер бар, қобалжу, біршама алаңдаушылық көрсетілді, қимылдары минималды,	5, өзін нашар ұстау. Дайын емес, жазбалары араластырылған, іріктелмеген, көз байланысы нашар дайындалған

	ұстады.	ұстады.	минималды көз байланысы	материал оқылды, қимылдары әлсіз және сенімсіз.
ЖАЛПЫ БАЛЛ САНЫ				
Ескертпелер				

Нәтижесінде ауызша презентацияны қолдану білім алушылар тек қана оқу-танымдық іс-әрекетті меңгеріп қоймай, сонымен қатар алдын ала қарастылыған критерийлерді ескере отырып, презентацияны көрнекі құралдарды қолдана отырып дайындау, аудитория алдында өзін ұстауды және т.б. сияқты маңызды іс-әрекеттерді меңгере алады.

Критерийлерге негізделген бағалауда портфолио технологиясын қолдану

Келесі, портфолио критериалды бағалау технологиясын жүзеге асыру құралы ретінде қолданылуы мүмкін. Жеке, метапәндік және пәндік нәтижелерді критериалды бағалау парадигмасында кешенді тәсілді іске асырудың тиімді құралы критерийлерге негізделген бағалау технологиясы негізінде құрылатын жинақтау бағасы болып табылады. Бағалаудың жинақтау жүйесін ұйымдастырудың ең оңтайлы тәсілі білім алушының портфолиосы болып табылады, ол оқу және практикалық іс-әрекеттің процесі мен нәтижесін шынайы бағалау технологиясы ретінде түсініледі. Бұл жеке, таңдалған материалдар жиынтығы, бір жағынан ол білім алушының жеке, мета-пәндік және пәндік дамуының нәтижелерін өнім түрінде ұсынады, екінші жағынан, мұндай дамуды талдау және жоспарлау әдістерін сипаттайтын ақпаратты қамтиды [11; 50].

Сондай-ақ, В.П. Кузовлевтің және басқалардың зерттеуінде әртүрлі әдістерден тұратын нәтижелерді бағалау жүйесі ұсынылған. Және интегралдық бағалауды алудың оңтайлы ұсынылатын әдістерінің бірі портфолио болып табылатыны көрсетілген [12; 2].

Портфолио – білім берудегі жаңа технология. Алғашқы деректер, сондай-ақ оқу процесінде портфолионы пайдалану АҚШ-қа тиесілі. Педагогикада «портфолио» термині көп мәнді болып келеді. Кейбір зерттеушілер мен ғалымдар оны технологияға, басқалары білім алушылардың жетістіктерін бағалау әдісіне жатқызады.

«Педагогикалық терминологиялық сөздікте» портфолионың келесі анықтамасы берілген: «білім алушылардың жетістіктерін бақылау мен бағалаудың жаңа формасы, оның сипаттамасы, оқу-танымдық іс-әрекеттің материалдандырылған өнімдері, оның ішінде өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша оқудағы прогрестің дәлелі» [13].

Н.П. Поморцева дарынды білім алушыларды диагностикалау контекстінде оқу портфолиосының технологиясын қарастырады, ол тек білім алушылар қол жеткізген нәтижелерді іріктеу мен талдауға ғана емес, сонымен қатар барлық білім алушылардың әлеуетті мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған екендігін айтады [14; 33].

Сонымен қатар, желілік немесе веб-портфолио білім берудің заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиясы ретінде Джон Ди Марконның жұмысында сипатталған. Мұнда технологияны қолдану кезінде жеке тұлғаны дамыту үшін қол жетімді мультимедиа саласындағы дағдыларға ерекше назар аударылады, білім алушылардың ақпараттық қоғам өміріне көп қырлы және сәтті қосылуына ықпал ететін технология түрінде мектепте желілік портфолионы оң қолданысы егжей-тегжейлі сипатталған [15].

Ал 2000 жылдары Х. Баррет «е-портфолио» ұғымын енгізді және оны бүгінде ғылыми педагогикалық жұмыстарда жиі атайды. Х. Баррет пікірінше, электрондық портфолио, портфолио жасаушыға портфолио артефактілерін көптеген медиа түрлерінде (аудио, видео, графика, мәтін) жинауға және ұйымдастыруға мүмкіндік беретін электрондық технологияларды қолданады. Электрондық портфолио – уақыт өте келе өсуді көрсететін құрал [16; 15].

Солайша, бүгінгі таңда портфолио терминіне жалпыға бірдей қабылданған нақты тұжырымдамасы жоқ, жалпы ғылыми педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде және ғалымдардың еңбектерінде портфолио тұжырымдамасының мазмұнына қатысты көптеген пікірлер бар. Негізінен, портфолио технологиясы келесілерді анықтауға бағытталған модель:

- қажетті құзыреттерді қалыптастырудың объективті деңгейін;
- дайындықтағы олқылықтарды;

- ассимиляция қиындықтарын;
- оқу процесіне түзету енгізу арқылы құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі және оларды жетілдіруді;
- пәнге қызығушылықты;
- ойлау қызметін дамытуды;
- оқу қызметін сыни тұрғыдан қарастыруды.

Сонымен қатар, ол шынайы бағалау, ойлау, логика, талдау, жалпылау, жүйелеу, жіктеу сияқты дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Көптеген авторлар оқу портфолиосының түпкі мақсатын оқу-танымдық, практикалық, шығармашылық және ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері, күш-жігері, материалданған өнімдері бойынша оқу прогресін көрсетуден көреді. Білім алушы портфолиосының технологиясын қолдану белгілі бір дәрежеде білім алушы қызметінің нәтижелерін объективті бағалауға байланысты мәселелерді шешуге көмектеседі. Портфолио білім алушыларды бір-бірімен салыстыру үшін пайдаланылмайды, бұл белгілі бір уақыт аралығында жеке дамуды білдіретін құжаттама. Оқытушының бағалауы білім алушының жетістіктері, қабілеттері, күші, әлсіздігі және қажеттіліктері туралы тұжырымдарды оның дамуының толық спектрін білуіне негізделуі керек.

Портфолио – бағалаудың заманауи тиімді формасы болумен қатар, бірқатар маңызды педагогикалық міндеттерді шешудің тиімді құралы болып табылады. Олардың қатарына:

- білім алушылардың жоғары оқу уәждемесін қолдау;
- олардың белсенділігі мен дербестігін көтермелеу, оқыту және өз бетінше оқу мүмкіндіктерін кеңейту;
- білім алушылардың рефлексивті және бағалау (оның ішінде өзін-өзі бағалау) қызметінің дағдыларын дамыту;
- оқу қабілетін қалыптастыру — мақсат қою, өз оқу іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру сияқтылар жатады.

Жетістіктер портфолиосының құрамына білім алушының тек оқу іс-әрекеті барысында ғана емес, сонымен қатар күнделікті мектеп практикасы аясында да, одан тыс жерлерде де шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативті, дене шынықтыру-сауықтыру, еңбек қызметі түрінде қол жеткізген нәтижелері кіруі мүмкін [11; 52-53].

Жалпы алғанда, жетістіктер портфолиосы – бұл білім алушының оқу-танымдық іс-әрекетінің үлгілері мен өнімдерін, сондай-ақ оларды кейіннен талдауға, қажетті құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін жан-жақты сандық және сапалық бағалауға және оқу процесін одан әрі дамытуға арналған сыртқы көздерден тиісті ақпараттық материалдарды ұйымдастырудың (жинау, іріктеу және талдау) процесі [17;49].

Қазіргі заманғы көптілді және көп мәдениетті білім беру жүйесінде тілдік портфель технологиясы кең таралуда. Ол ерте жастан жоғары деңгейге дейін білім алушының шет тілдерін меңгерудегі оқу іс-әрекетінің белгілі бір нәтижесін білдіретін жұмыс материалдарының жиынтығы ретінде қолданылады. Еуропа елдерінде еуропалық тілдік портфолио аса танымал және кең таралған. Еуропалық тілдік портфолио – бұл бір немесе бірнеше тілді үйренетін немесе білетін адамдар өздерінің тіл үйренуі мен мәдениетаралық тәжірибесі туралы жазып, көрсете алатын құжат болып табылады. Еуропалық тілдік портфолио білім алушылардың дербестігін, плюралингвизмді және мәдениетаралық хабардарлықты дамытуды қолдайды. Оның негізгі мақсаттары:

- білім алушыларға ана тілінен басқа тілдерді үйрену және қолдану тәжірибесін қалыптастыруға және үйлестіруге көмектесу;
- білім алушылардың тілдік дағдыларын барлық деңгейлерде кеңейту және әралуандылық бойынша күш-жігерін мойындай отырып, оларды ынталандыру;
- олардың алған тілдік және мәдени дағдылары туралы есеп беру [18].

И.И. Халеева орыс тіл портфелін дамыту жобасының жетекшісі ретінде оны шет тілдері мен мәдениеттерін оқытудың жүйелі тәсіліне негізделген әр түрлі қызмет салаларында және кәсіби қарым-қатынаста мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырады [19].

Тілдік портфолио үш бөлімнен тұратын білім алушының өзіндік жұмыстарының құжаттар жиынтығы болып келеді. Оның құрамына тілдік төлқұжат, пайдаланушының тілдік өмірбаяны және құжаттама (досье) кіреді.

1. Тілдік паспортта білім алушы өзінің коммуникативті және коммуникативті емес құзіреттілігін қысқаша көрсетеді. Мұнда барлық оқытылатын тіл емтихандары, олардың нәтижелері, мәдениетаралық қатынастар туралы сөз қозғалады. Тілдік паспорт келесі бөлімдерді қамтиды:

- Менің отбасымдағы қарым-қатынас тілдері және жақын туыстарым сөйлейтін тілдер;
- Мен қайда оқыдым;
- Мен оқыған тілдер;
- Шетелде болу;
- Жобалар;
- Оқу тілдері (билингвалды оқыту);
- Өзін-өзі бағалауға арналған кестелер (тілдерді меңгерудің алты деңгейінің жалпы еуропалық шкаласы).

2. Тілдік өмірбаянда дескрипторлар, яғни білім алушылардың шет тілін меңгеру деңгейі нақтыланатын және (білім алушымен де, оқытушы да) бағаланатын параметрлер бар. Тілдік портфолио дескрипторлары сөйлеу әрекетінің түрлеріне қатысты шынайы мәдениаралық қарым-қатынас жағдайына бағытталған. Тілдік өмірбаянында білім алушы өзін-өзі бағалау кестесі бойынша оқытылатын тілді меңгеру деңгейін анықтайды.

3. Құжаттамада (досье) білім алушы тілдерді меңгерудегі жетістіктерін куәландыратын барлық материалдарды жинайды. Бұл сабақта (бақылау жұмыстары, тестілер, эсселер т.б.), үйде, сыныптан тыс сабақтарда (жобалар, рефераттар, баяндамалар, дипломдар, сертификаттар, куәліктер) портфельді пайдаланушының тіл үйренудегі жетістіктерін растайтын өз бетінше жасаған жұмыстары болуы мүмкін. Іріктеу барлық оқу жылдарында бір жыл немесе бір тоқсан ішінде жүргізілуі мүмкін.

Құжаттамаға бөлінген белгіленген уақыт өткеннен кейін, мерзімді түрде, білім алушы өзінің портфолиосын сыныпта, топта, оқытушылар конференциясында, ата-аналар жиналысында презентацияға ұсынады. Мұндай форумда білім алушы өзінің жетістіктерін көрсетеді, оның өзін-өзі бағалауы оқытушының, сарапшылар тобының (білім алушылар арасынан) бағалауымен сәйкес келетінін немесе сәйкес келмейтінін дәлелдейді. Сондай-ақ, портфельді қорғау шет тілінде жүргізілгені жөн. Портфолио, портфолио құжаттамасында әзірленген белгілі бір параметрлер мен критерийлер бойынша бағалануы керек [20; 2].

Бағалау объектісі жасалған өнімнің өзі де (жазбаша немесе электрондық түрде ресімделген материалдар), сондай-ақ оны пайдалану нәтижелері де болуы мүмкін.

Портфолионы бағалаудың келесі нұсқалары бар:

- портфолио жұмысының процесі мен сипаты ғана бағаланады;
- берілген критерийлер бойынша портфолио бөліктері ғана бағаланады (міндетті айдарлар);
- барлық айдарлар бағаланады, бағалау арифметикалық орта ретінде шығарылады;
- портфолионың соңғы нұсқасы алдын-ала анықталған критерийлер бойынша бағаланады;
- портфолио бағаланбайды; субъект қорытынды сабақта презентация үшін жеке бөліктерді өзі таңдайды, бұл сынаққа немесе емтиханға рұқсат немесе сынақты немесе емтиханды өткізу нысаны болып табылады;
- портфолио ғана емес, оның презентациясының сапасы да бағаланады.

Портфолио құрылымы мен мазмұнында білім алушыларды дайындауға қойылатын ұлттық талаптарға, басқаша айтқанда, құзыреттілік дескрипторларына сәйкес келетін қажетті құзыреттіліктердің қалыптастыру деңгейінің жүйесі басты орын алады, соның негізінде білім алушылардың даму деңгейін бағалау критерийлерін жасауға болады. [11; 52-53]. Портфолионы қорытынды бағалау тұрғысынан келесі төрт деңгейлі жүйені ұсынуға болады.

А. Ең жоғары деңгей. Бұл деңгейдің портфолиосы негізгі санаттар мен бағалау критерийлерін көрсетудегі жан-жақты сипатталады. Мұндай портфолионың мазмұны білім алушының үлкен күш-жігері мен айқын прогресін көрсетеді. Осы деңгейдегі портфолиолардың мазмұны мен дизайнында өзіндік және тапқырлық айқын көрінеді.

Ә. Жоғары деңгей. Бұл деңгейдің портфолиосы білім алушының қатты білімі мен дағдыларын көрсетеді, бірақ алдыңғы деңгейден айырмашылығы, онда қосымша санаттардың кейбір элементтері болмауы мүмкін, сонымен қатар мазмұнның өзіндік ерекшелігі жеткіліксіз көрсетілуі мүмкін және дизайндағы шығармашылық элемент болмауы мүмкін.

Б. Орташа деңгей. Бұл деңгейдің портфолиосында бағдарламалық білім мен дағдылардың қалыптасу деңгейін бағалауға болатын міндетті санатқа баса назар аударылады. Зерттеу, шығармашылық ойлаудың, қолданбалы дағдылардың, мазмұнды қарым-қатынас (ауызша да, жазбаша да), әлеуметтік бастаманың және т. б. даму деңгейін көрсететін дәлелдер жоқ.

В. Әлсіз деңгей. Білім алушының жетістіктері туралы жалпы түсінік қалыптастыру қиын портфолио. Әдетте, онда әр түрлі санаттағы эскиздік ақпарат ұсынылған. Мұндай портфолио арқылы білім берудегі прогресті және негізгі жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерді көрсететін сапалардың қалыптасу деңгейін анықтау мүмкін емес [21; 44].

Сонымен, портфолио технологиялары – бұл жетістікке, білім беру қиындықтарына, сондай-ақ оларды жеңудің жолдарын бағалауды ұйымдастыру, ол оқуға құзыреттілікке негізделген тәсіл негізінде білім алушының белгілі бір пәндік саланы меңгерудегі оқу іс-әрекетінің белгілі бір нәтижесін білдіретін жұмыс материалдарының жиынтығы.

Портфолио қолдану білім алушы пен оқытушыға ондағы оқу іс-әрекеті нәтижесі бойынша білім алушының жұмыс көлемін және жетістіктер спектрін, әртүрлі аспектілердегі даму динамикасын өз бетінше немесе бірлесіп талдауға және бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, портфолио оқу құзыреттілігін қалыптастыру және білім алушының автономияға қабілеттілігін дамыту, әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру шарты ретінде қарастырылады, ал жетістіктер портфолионың материалдары тәуелсіз сыртқы бағалауды жүргізуге мүмкіндік береді екені сөзсіз [11; 52-53].

Критерийлерге негізделген тестілер

Келесі құрал ретінде критерийлерге негізделген тестілер бола алады. Критерийлерге негізделген тест – бұл үміткердің нақты анықталған пәндік салаға қатысты білімі мен дағдыларының деңгейін анықтауға негіз болатын тест. Көбінесе тест нәтижелерін түсіндіруге көмектесу үшін тест балдарының шкаласында бір немесе бірнеше өнімділік стандарттары орнатылады. Критерийлерге негізделген тест, Глейзер, Попхэм және Хусек енгізген тест түрі, олар сонымен қатар пәнге негізделген тестер, құзыреттілік тестілері, негізгі шеберлік тестілері, шеберлік тестілері, өнімділік немесе бағалау тестілері, шынайы бағалар, объективті сілтеме тестілері, стандарттарға негізделген тестілер, сертификаттау емтихандары және т. б. сияқты атаулары бар. Олардың барлығына ортақ нәрсе – олар үміткердің нақты анықталған мазмұн аймағына қатысты өнімділік деңгейін анықтауға тырысады. Критерийлерге негізделген тестілерде білім алушы өту стандарттарының не екенін біледі және өту кезінде тек өзімен бәсекелеседі. Критерийлерге негізделген тестілер тестілеуге қатысушылардың белгілі бір білім көлемін қаншалықты жақсы меңгергенін өлшеуге арналған [22;181].

Критерийлерге негізделген тестілер нормаға негізделген тестпен жиі салыстырылуы мүмкін. Мұндағы, нормаға негізделген тестілер – бұл стандартталған тест, онда нәтижелер жеке адамның үлгерімін білім алушылардың үлкен тобының үлгерімімен салыстырады. Критерийлерге негізделген тестер де жиі стандартталған. Критерийлерге негізделген тестілер үміткердің пәндік аймаққа қатысты бағасын түсіндіруге мүмкіндік береді, ал нормаларға негізделген тестілер үміткердің пәндер тобына қатысты бағасын түсіндіруге мүмкіндік береді деп айтуға болады. Бірінші интерпретация мазмұнға бағытталған болса, ал екінші интерпретация тақырыпқа бағытталған болып келеді.

Критерийлерге негізделген тестілердің нормаларға негізделген тестілерден айырмашылығы – критерийлерге негізделген тестілер білім алушы арасында айырмашылық жасауға немесе жеке білім алушыны нормативтік топпен салыстыруға арналмаған. Нәтижесінде салыстыру жүргізілмегендіктен, бағалаудың қалай жасалғанына байланысты тест нәтижелері шкала бойынша немесе ұпайлар ретінде хабарлануы мүмкін. Критерийлерге негізделген тестілердің нәтижелері баға, «қанағаттанарлық» және «қанағаттанарлықсыз», дұрыс жауап саны немесе пайыз түрінде ұсынылуы мүмкін. Оларды бірнеше таңдау форматтарымен, қысқаша жауаптармен, рейтинг шкалаларымен, бақылау парақтарымен, рубрикалармен немесе нәтижелерге негізделген бағалаулармен өлшеуге болады. Критерийлерге негізделген тестілер икемді және әртүрлі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жасалуы мүмкін [23; 7]. Мысалы, оқытушы оларды күнделікті іс-әрекетінде білім алушылардың үлгерімін бақылау үшін пайдаланады. Сонымен бірге, оларды білім алушылардың үлгерімін сынып, мектеп, қала деңгейінде бағалау үшін және ақпарат алу үшін пайдалы деп санайды. Тестілер оқу жоспарларындағы тақырыптарға негізделеді және олардың нәтижелері білім алушылардың қаншалықты жақсы оқитынын және білім беру жүйесінің қаншалықты жақсы нәтиже беретінін анықтауға негіз болады.

Айтылғанға сүйене отырып, критерийлерге негізделген тестілердің келесідей ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Критерийлерге негізделген тест мазмұнға және өлшенетін нәрсеге назар аударады. Нормаларға негізделген тестер өлшенетін нәрсеге де қатысты, бірақ мазмұн саласы нәтижелерді түсіндірудің негізгі бағыты емес.

2. Критерийлерге негізделген тестілерді әзірлеу кезінде контенттің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін елеулі күш-жігер жұмсалады. Критерийлерге негізделген жақсы тест мазмұнға негізделген түсіндірулерге мүмкіндік береді, яғни бағалаулар сілтеме жасайтын мазмұн аймақтары өте нақты анықталуы керек.

3. Критерийлерге негізделген тестілер арқылы ұпайлар көбінесе үміткерлерді өнімділік санаттары бойынша сұрыптау үшін қолданылады. Егер білім алушылар бірдей өнімділік санатына жатқызылса, оларды бағалаудағы айырмашылықтар соншалықты маңызды емес.

4. Критерийлерге негізделген тестілердің валидтілігін зерттеуде біріншіден, тест тапсырмаларының мазмұны мен олар өлшеуге арналған білім немесе дағдылар арасындағы сәйкестікке, екіншіден, тест тапсырмаларының жиынтығы мен олар өлшейтін нәрселер мен тестілер өлшейтін мазмұн саласы арасындағы сәйкестікке басты назар аударылады. Бағаланатын мазмұнның пәндік аймағына тест мазмұнының «сәйкестігі» мазмұнның дұрыстығын дәлелдеу деп аталады. Бұл термин тест алу тәжірибесінде жақсы белгілі. Критерийлерге негізделген көптеген тестілер проблемаларды шешу және сыни ойлау сияқты жоғары деңгейдегі ойлау және жазу дағдыларын бағалауға арналған. Тест тапсырмалары іс жүзінде жоғары деңгейдегі дағдыларды бағалайтындығын және бұл пайымдаулар мен эмпирикалық мәліметтерді жинауды қамтитынын көрсету маңызды. Осылайша, мазмұнның дұрыстығын дәлелдеу критерийлерге негізделген тестілерді бағалау процесінде де шешуші рөл атқарады.

5. Критерийлерге негізделген тестілеу ең қиын және даулы бөлігі – бұл өнімділік стандарттарын белгілеу, яғни кандидаттарды «қанағаттанарлық» және «қанағаттанарлықсыз» сияқты өнімділік санаттарына бөлу үшін балдық шкала бойынша анықтау. Бұл аса қиын, себебі білім беру саласында критерийлерге негізделген тестілерде мемлекеттік және ұлттық бағалауларда кандидаттарды тек екі санатқа ғана емес, көбінесе үш, төрт немесе тіпті бес санатқа бөлу шешілген. Өнімділіктің төрт категорияларына көбінесе қанағаттанарлықсыз, қанағаттанарлық, жақсы және өте жақсы жатады [22; 181].

Алайда осы қиындыққа қарамастан, критерийлерге негізделген тестілердің ең басты артықшылығы – бұл оқу мақсатында қолдануға болатын әмбебап сынақтар ретінде қолданысы. Олар оқу бағдарламасымен тікелей байланысты болғандықтан, критерийлерге негізделген тестілер нәтижелерін оқытуды жоспарлау, өзгерту және бейімдеу үшін пайдалануға болады [23; 7].

Осыған қоса келесі артықшылықтарды атап кетуге болады:

1. Тақырыпты меңгеру. Критерийлерге негізделген тестілер білім алушылардың оқу бағдарламасындағы үлгерімін бақылау үшін нормаларға негізделген тестілерге қарағанда анағұрлым қолайлы. Тест тапсырмалары бағдарламаның нақты мақсаттарына сәйкес әзірленуі мүмкін. Критерийлерге негізделген тест балдары адамның зерттелетін материал бойынша сұрақтарға қаншалықты дұрыс жауап бере алатындығын көрсетеді, ал нормаға негізделген тест балдары білім алушының топтағы басқа білім алушылармен салыстырғанда қалай ұпай жинағаны туралы хабарлайды.

2. Критерийлерге негізделген тестілерді жергілікті басқаруға болады. Білім алушылардың үлгерімін бағалау – әр оқытушы жасауы керек нәрсе. Критерийлерге негізделген тестілерді сынып деңгейінде жасауға болады. Егер стандарттар орындалмай жатса, оқытушылар тест арқылы кемшіліктерді нақты анықтай алады. Өйткені, жеке білім алушының бағасы басқа білім алушылардың қалай жұмыс істейтініне байланысты емес. Сонымен қатар, білім алушыларға олардың үлгерімі туралы тиімді кері байланыс беру үшін тест нәтижелері тез құрал бола алады.

Бірақ артықшылықтарға қарамастан, критерийлерге негізделген тесттің келесідей кемшіліктері бар:

1. Жарамды және сенімді болып табылатын тестілерді жасау өте көп уақыт пен күш-жігерді қажет етеді. Сонымен қатар, нәтижелерді белгілі бір курстан немесе бағдарламадан тыс жинақтау мүмкін емес. Критерийлерге негізделген тестілер белгілі бір бағдарламаға тән және оларды үлкен топтардың жұмысын өлшеу үшін қолдануға болмайды.

